№47 (23411)
Jūma,
26 mausym 2026 jyl

# SOLTÜSTIK QAZAQSTAN

Gazet 1920 jyldyñ 22 aqpanynan şyğa bastady

soltustikkaz.kz facebook.com/soltustikkaz instagram.com/soltustikkaz kyzylzhar_akparat@mail.ru

## KEREK DEREK

Биыл 1 маусымдағы жағдай бойынша елімізде 200,4 мың азамат тұрақты жұмыспен қамтылды. Оның 75 мыңы – жастар болса, 81 мыңы – әйелдер. Сонымен қатар елімізде жаңа жұмыс орындарын құру бағытындағы жұмыстар қарқынды жүріп жатыр. 2026 жылы ұлттық жобалар, тұжырымдамалар және өңірлерді дамыту жоспарлары аясында 40,4 мың жұмыс орнын ашу көзделген.

YNTYMAQTASTYQ – YRYSYMYZ

## ЭКОНОМИКАҒА СЕРПІН

**Облыста ірі инвестициялық жоба жүзеге асырылмақ. Облыс әкімі Ғауез Нұрмұхамбетов Қытайдың «Shandong Xinhai Technology» компаниясының тең құрылтайшысы Ли Чуанжаньмен және «Ресурс–2018» ЖШС даму жөніндегі директоры Константин Луценкомен кездесу өткізіп, өңірдің тау–кен саласын дамытуға бағытталған маңызды бастаманы талқылады.**

Кездесу барысында Айыртау ауданында орналасқан «Баян» вольфрам кен орнын игеру және тау-кен байыту комбинатын салу жобасының негізгі бағыттары қарастырылды. Қазақстан мен Қытай арасындағы инвестициялық ынтымақтастық шеңберінде жүзеге асырылатын бұл жоба өңір экономикасына серпін бермек.

Жалпы инвестиция көлемі шамамен 100 млрд. теңгені құрайды, 600-ден астам жаңа жұмыс орны ашылмақ.

Ғауез Нұрмұхамбетовтің айтуынша, жаңа өндірістің іске қосылуы өңірдің өнеркәсіптік әлеуетін нығайтып, өнім өндіру мен экспорт көлемін арттыруға жол ашады. Сонымен қатар жоба инвестициялық тартымдылықты күшейтіп, Айыртау ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуына оң ықпал етеді.

**Диана ЖӘДІГЕРҚЫЗЫ,**
*«Soltustik Qazaqstan».*

MEREKE MEZETI




## ТӘРТІП САҚШЫЛАРЫНА – ЖҮЗ ЖЕҢІЛ КӨЛІК

**Облыс орталығында полиция күніне арналған салтанатты жиын өтті. Онда мінсіз қызметімен көзге түскендер құрметке бөленіп, саланы заман талабына сай жаңғырту жолында атқарылған істер жайлы айтылды. Облыс әкімі Ғауез Нұрмұхамбетов тәртіп сақшыларына 100 қызметтік көліктің кілтін табыстады. Сонымен қатар бұл күні орман шаруашылықтарына да жаңа өрт сөндіру көліктері берілді.**

Орталық алаңға жиналған полиция қызметкерлерін облыс әкімі құттықтап, марапаттар табыстады.

– Полиция қызметкерлері мемлекеттің құқықтық негіздерін нығайтуда, заң үстемдігін қамтамасыз етуде және қоғамдық тәртіпті сақтауда ерекше рөл атқарады. Қоғамның қауіпсіздігі сіздердің адал еңбектеріңізге байланысты. Полиция – мемлекет пен қоғам арасындағы сенімнің тірегі. Бүгінде ішкі істер органдары заман талабына сай жаңғыртылып, полиция қызметінің тиімділігін арттыру бағытында ауқымды жұмыстар жүргізілуде.

3

MÄSLIHAT

## БЮДЖЕТ ҚАЛАЙ ИГЕРІЛДІ?

Облыстық мәслихаттың кезекті 37-ші сесиясы өтті. Күн тәртібінде өңір бюджеті мен экологиялық жағдайына қатысты бірнеше маңызды мәселе қаралды. 2025 жылдың қорытындысы бойынша облыстық бюджеттің кірісі 525,6 млрд. теңге болды. Бұл 2024 жылмен салыстырғанда 7,7 пайызға немесе 37,4 млрд. теңгеге артық.

Облыс әкімінің орынбасары Қанат Дүзелбаев пен тексеру комиссиясының төрағасы Қайрат Сейітқожаев баяндама жасады.

– 2025 жылы әлеуметтік бағдарламаларға 3 млрд. 800 млн. теңге бөлінді. Нәтижесінде 4 мың жерлесіміз жұмыспен қамтылды. Былтыр денсаулық сақтау саласына 14 млрд. 500 млн. теңге жұмсалды. Бұл қаржыға медициналық мекемелердің материалдық-техникалық базасы жаңарып, 28 нысан күрделі жөндеу көрді. Ал облыстың мәдениет саласына 8 млрд. 300 млн. теңге бағытталып, саланың дамуына едәуір серпін берді, – дей келе Қанат Дүзелбаев облыстық бюджеттің 30 пайызы білім беру саласына жұмсалғанын атап өтті. Бұл – 162 млрд. теңге.

3

**Ербол Тұяқбаев, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-министрі:**

***«Біз қағаз еңбек кітапшаларынан бас тартуды жоспарлап отырмыз. Бұл қазір ескірген формат деп есептейміз. Жасанды интеллект дамыған заманда еңбек кітапшалары да тарихта қалуы керек».***

## БАЛА ДЕНСАУЛЫҒЫНА ТӨНГЕН ҚАТЕР



**Ел медицинасы дамуының басты көрсеткіші – ана мен баланың амандығы. Денсаулық сақтау қанша ілгері дамыды десек те, бала саулығы үшін күрес оңайға түсіп жатқан жоқ. Туа сала дертке ұрынып, жаны қиналған сәбилерді қатарға қосу жолында қанша тер төгіліп, қаржы жұмсалуда. Өкінішке қарай, бұл салада да шешілмеген мәселе аз емес. Қаржыландырудың аздығы, маман тапшылығы, заманауи құрал–жабдықтардың жеткіліксіздігі кішкентайлардың өміріне қауіп төндіріп, басты қатерге айналып отыр.**

6



## БАСПАНА АЛУДЫҢ ТИІМДІ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

4

ÖNERKÄSIP



# МЕДИЦИНА ЖАБДЫҚТАРЫ ӨЗІМІЗДЕ ЖАСАЛАДЫ

**Облыс әкімі Ғауез Нұрмұхамбетов Петропавл қаласында орналасқан отандық медициналық бұйымдар өндірісіндегі жетекші кәсіпорындардың бірі – «ҚазақМедИмпорт» ЖШС-ның жұмысымен танысты.**

Он жылдан астам уақыт бойы кәсіпорын заманауи медициналық және патологоанатомиялық жабдықтарды өндірумен айналысып келеді. Бүгінде мұнда денсаулық сақтау саласында кеңінен қолданылатын 200-ден астам өнім түрі шығарылады. Өндірілген өнімдер Қазақстанда ғана емес, шетелдік нарықтарда да жоғары сұранысқа ие.

Өткен жылдың қорытындысы бойынша кәсіпорынның өндіріс көлемі 900 млн. теңгеге жуықтады. Мемлекет тарапынан көрсетілген қолдаудың, атап айтқанда «Даму» қоры арқылы жүзеге асырылған жобаның нәтижесінде өндірістік алаң 930 шаршы метрге кеңейтілді. Бұл кәсіпорынның өндірістік қуатын арттырып, жаңа мүмкіндіктерге жол ашты.

– Біз шығаратын өнімдердің номенклатурасы 200 атауды қамтиды. Медициналық жабдықтардан бастап, тамақ үлестіруге арналған құрылғыларға дейін бар. Сонымен қатар биыл патанатомия бағытын іске қостық. Бұлар секциялық үстелдер мен кесу стансалары. Біз халықаралық көрмелерге де тұрақты қатысамыз. Барлық шығарылатын өнімдерге Қазақстан Республикасының заңнамасы аясында тиісті рұқсат құжаттарымыз бар, – дейді «ҚазақМед Импорт» серіктестігі бас директорының орынбасары Станислав Таратуто.

Кәсіпорын өнімдері халықаралық сапа талаптарына толық сәйкес келеді. Қазақстандық тауар өндірушілер тізіліміне енгізілген және сыртқы нарықта да лайықты бағасын алып отыр. Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Ресеймен экспорттық келісімшарттар жасалған. Кәсіпорында 98 маман еңбек етеді. Сонымен қатар жергілікті университет және темір жол колледжімен тығыз байланыс орнатып, болашақ кадрларды даярлау бағытында жүйелі жұмыс жүргізілуде.

**Нұрасыл АХМЕТ.**

TAĞAIYNDAU

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің келісімімен және Қаржылық мониторинг агенттігі төрағасының бұйрығымен Солтүстік Қазақстан облысы бойынша экономикалық тергеп-тексеру департаментінің басшысы лауазымына **Төлеутай Нұраби Рашидұлы** тағайындалды.

Нұраби Рашидұлы 1991 жылы Қарағанды облысында дүниеге келген. Осы тағайындауға дейін Ақмола және Қарағанды облыстары бойынша экономикалық тергеп-тексеру департаменттерінің басшысы қызметтерін атқарған.

**Облыс әкімінің баспасөз қызметі.**



# ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ

**Мемлекеттік қызметші күні облыс орталығында салтанатты жиын өтті. «Qyzyljar Creative Center»-де өткен мерекелік іс-шарада мемлекеттік қызметтің дамуына үлес қосып жүрген сала мамандардың еңбегі еленіп, үздіктер марапатталды.**

Мерекелік басқосу барысында 30-дан астам мемлекеттік қызметкерге «Үздік мемлекеттік қызметші» және «Мемлекеттік қызмет ардагері» төсбелгілері табысталып, Алғыс хаттар мен Құрмет грамоталары берілді. Жиынға облыстың түрлі мемлекеттік органдарында еңбек ететін 200-ге жуық қызметкер қатысты.

– Мемлекеттік қызмет – жауапкершілікті талап ететін жұмыс. Себебі халықтың әл-ауқаты, еліміздің болашағы әрі оның дамуы тікелей бізге әрі біздің атқарған жұмысымызға байланысты, – деді облыс әкімі аппаратының басшысы Руслан Әлішев.

Марапат иелерінің қатарында Полудин ауылдық округінің әкімі Мәдениет Қалиев те болды. Мемлекеттік қызмет саласында 26 жылдан бері еңбек етіп келе жатқан тәжірибелі маманға «Мемлекеттік қызмет ардагері» төсбелгісі табысталды. Ол өз сөзінде мемлекеттік қызметтің жауапкершілігі жоғары екенін атап өтті.

Мемлекеттік қызметші күні – халық пен мемлекет арасындағы байланысты нығайтып, ел дамуына үлес қосып жүрген мамандардың еңбегін дәріптеуге арналған маңызды мереке. Осындай іс-шаралар мемлекеттік қызметшілердің кәсіби беделін арттырып, олардың қоғам алдындағы жауапкершілігін айқындай түседі.

**Райымбек ЕСЛЯМОВ,**
*М.Қозыбаев атындағы СҚУ-дың студенті.*

# БЮДЖЕТ ҚАЛАЙ ИГЕРІЛДІ?

*1-бетте*

Қанат Малғаждарұлының айтуынша, аталған бағыттарға бөлінген қаржы толығымен игерілген. Жергілікті бюджет қаражатының дұрыс жұмсалуын қадағалайтын тексеру комиссиясы былтыр 60-тан астам мекемеге тексеріс жұмыстарын жүргізген. Нәтижесінде бірнеше кемшілік анықталыпты. Облыстық тексеру комиссиясының төрағасы Қайрат Сейітқожаев көп жағдайда бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдар мен мекемелер қаржыны дұрыс жоспарламағанын айтты. Тіпті қаржының тиісті жерге жетпеу фактілері де бар. Нәтижесінде олқылыққа жол берген 44 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды. Тағы 117 қызметкерге 20 млн. теңгеге жуық айыппұл салынды. Қайрат Сейітқожаевтың айтуынша, облыстың құрылыс саласында да бірқатар олқылықтар орын алған.

– Былтыр Петропавл қаласы мен 7 ауданның құрылыс бөліміне тексеріс жүргіздік. Нәтижесінде 6 млрд. 800 млн. теңге бюджет қаражатының дұрыс игерілмегені анықталды, – деді облыстық тексеру комиссиясының төрағасы.

Қазіргі таңда дұрыс игерілмеген бюджет қаржысы қазынаға қайтарылуда. Мәселені жіті зерттеген халық қалаулылары 2025 жылғы бюджеттің атқарылуы туралы есепті бекіту жобасын бірауыздан қолдады. Бұдан басқа, мәслихат депутаттары облыс шегінде 2026-2030 жылдар кезеңіне қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері туралы шешім қабылдады. Сондай-ақ «Таза Қазақстан» экологиялық мәдениетін дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі өңірлік жоспарға тиісті өзгерістер енгізілді. Сессияда облыс әкімдігі жанындағы бірқатар ведомствоаралық комиссиялардың дербес құрамдарындағы өзгерістер бекітілді.

**Данагүл ҮРТЕМІШ,**
*«Soltüstık Qazaqstan».*

# ТӘРТІП САҚШЫЛАРЫНА – ЖҮЗ ЖЕҢІЛ КӨЛІК

*1-бетте*

Азаматтарға ашық қызмет көрсету, құқық бұзушылықтардың алдын алу, қоғаммен сенімді қарым-қатынас орнату жолындағы бастамалар полиция жұмысының сапасын жаңа деңгейге көтереді. Сіздердің қайсарлықтарыңыз бен адалдықтарыңыз жастарға үлгі, – деді Ғауез Торсанұлы.

Тәртіп сақшыларының еңбегінің арқасында қылмыстар 13 пайызға қысқарған. Оларды ашу 69 пайызға жетті. Қоғамдық орындардағы қылмыс саны 15 пайызға азайған. Ауыр және аса ауыр қылмыстар көрсеткіші де кеміп келеді. Биыл қызметтік көліктерді жаңартып, байланыс құралдарын, ұшқышсыз ұшу аппараттарын сатып алуға 1,3 млрд. теңге бөлінген. Жаңа модульді полиция пункттері дер кезінде әрекет етіп, қылмыстың алдын алуға септеседі. Цифрландыру және жасанды интеллект жылы аясында «Қауіпсіз қала» жобасын дамыту, жедел басқару орталығын ашу, тәртіпті бақылайтын құрылғылар санын арттыру, полиция қызметін одан әрі қолжетімді ету жоспарланған.

Мерекеге орай жедел қызметтегі жоғары көрсеткіштері үшін бірқатар қызметкер облыс әкімінің Құрмет грамотасы және Алғыс хатымен марапатталды. Облыстық полиция департаментінің бастығы, полиция полковнигі Абай Жүсіпов қызметтік міндетін адал атқарғандарға мерзімінен бұрын шендер табыстады. Сондай-ақ бір топ тәртіп сақшысы «Құқық тәртібін қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін» медалі, «Ішкі істер органдарының үздігі» төсбелгісі, Ішкі істер министрінің Құрмет грамотасымен иеленді.

– Полицияда 8 жыл жұмыс істеймін. Қызметтің жауапкершілігі ауыр. Ювеналды полиция қатарында түрлі жайттар бастан өтеді. Әр жеткіншекті жақын тартып, өз баламдай көмектесуге тырысамын. Біз үшін біреудің баласы деген ұғым жоқ. Кәмелетке толмаған барлық ұлыздың қауіпсіздігіне жауаптымыз, – дейді облыс әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталған қалалық полиция басқармасының ювеналды полиция бөлімшесінің аға инспекторы Динара Мұқанова.

**Диас АЯҒАН,**
*«Soltüstık Qazaqstan».*

SOLTÜSTIK QAZAQSTAN

SAİASAT

№47 (23411) Jūma,
26 mausym 2026 jyl

QAZAQSTANYM – QARAŞAÑYRAĞYM



**Солтүстік Қазақстан облысы – бірегей өңір. Терiскейде түрлі этнос өкілдері өзара құрмет пен сенімге негізделген татулық жағдайында өмір сүруде. Республика көлемінде жүзеге асырылып жатқан «Біз әртүрліміз, бірақ бәріміз теңбіз» қағидаты өңірімізде ертеден қалыптасқан. Біздің басты күшіміз де осында.**

# БІЗДІҢ КҮШІМІЗ – БІРЛІКТЕ!

> **ЖАЛПЫ СОҢҒЫ АЛТЫ АЙДА КӨП ЖҰМЫС АТҚАРЫЛДЫ. СОНЫҢ ІШІНДЕ 200-ГЕ ЖУЫҚ ІС-ШАРАҒА ШАМАМЕН 10000 АДАМ ҚАТЫСТЫ. БҰЛ КӨРСЕТКІШТЕР ҰЙЫМ ЖҰМЫСЫНЫҢ АУҚЫМЫ МЕН ҚОҒАМДАҒЫ БЕДЕЛІН АЙҚЫН КӨРСЕТЕДІ. АССАМБЛЕЯНЫҢ БЕЛСЕНДІ МҮШЕЛЕРІНІҢ ЕҢБЕГІ АТАУСЫЗ ҚАЛҒАН ЕМЕС. ОЛАР ОБЛЫСТЫҚ ЖӘНЕ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕГІ МАРАПАТТАРҒА ӘБДЕН ЛАЙЫҚ.**

Наурызда жалпыхалықтық референдум өтті. Онда көпшілік жаңа Конституцияның жобасын қолдады. Жаппай қолдау тапқан негізгі заңның күшіне енуіне аз ғана уақыт қалды. Ал тамыз айында Құрылтай сайлауы өтеді. Мұның барлығы Қазақстанның басты құндылығы – қоғамдық келісім мен халық бірлігінің арқасында мүмкін болып отыр.

Наурыздағы референдумға дайындық жұмыстарына Қазақстан халқы облыстық ассамблеясының өкілдері белсене қатысты. Сол кезде, ең алдымен, халыққа Конституциядағы өзгерістерді түсіндіріп қана қоймай, оның адам құндылықтарына негізделген мәнін айту маңызды еді. Жаңа Конституцияның «халықтық Конституция» деген мәртебеге ие болуы да кездейсоқ емес. Басында адам, оның құқықтары, мүдделері, өзін-өзі жүзеге асыру және ел тағдырына қатысу мүмкіндіктері тұр. Конституция адамдарға арналған. Оның негізінде халықтың ұсыныстары мен тілектері жатыр.

Біздің қоғам белсенділері ұсынылған өзгерістердің маңызын тұрғындарға жеткізу жолындағы жауапты міндеттен тайсалған жоқ. Конституция жобасын талқылау ашық әрі кең ауқымда өтті. Оған қоғамдық ұйымдардың, сарапшылар қауымдастығының және этномәдени бірлестіктердің өкілдері тартылды. Атқарылған жұмыс үшін алғыс білдіремін. Олардың күш-жігерінің арқасында Әділетті Қазақстан идеясы нақты мазмұнға ие болды.

Қазақстан халқы Ассамблеясы мен оның құрылымдық бөлімшелерінің еңбегі шексіз. Референдумға дайындық барысында олар қоғамдық диалогтың ортасында жүріп, кездесулер, «дөңгелек үстелдер» мен қоғамдық пікірталастар ұйымдастырып, сұрақтарға жауап берді. Дәл осындай жүйелі жұмыстың арқасында азаматтардың қатысуымен шын мәнінде маңызды мемлекеттік шешімдер қабылдау үшін қажетті сенім ахуалын құра алдық.

Этномәдени бірлестіктер өкілдерінің түсіндіру жұмысына қатысуы жаңа Конституцияның негізгі қағидаттарын іс жүзінде дәлелдеді. Ал онда басты назар бірлік пен ынтымақтастық, этносаралық және конфессияаралық келісім қағидаттарына ерекше назар аударылған. Қазақстан халқы облыстық ассамблеясының барлық құрылымдық бөлімшелері, жастар мен аға ұрпақ жұмысқа белсене кірісті. Олар өзара түсіністікте әрекет етіп, бір-бірін толықтырып отырды. Ақпан айында облыстық ассамблеяның жанындағы Ақсақалдар кеңесі референдумға арналған кездесу өткізді. Ақсақалдар кеңесінің төрағасы Ескендір Елеусізов кез келген қайта құрудың іргетасы халық бірлігі мен қоғамдық тұрақтылық екенін атап өтті. Ал «Ассамблея жастары» қозғалысының белсенділері М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінде студенттер арасында жаңа Конституция жобасына арналған танымдық викторина ұйымдастырды. Іс-шара идеялар және қызу диалог алаңына айналды. Қатысушылар өз білімдерін тексеріп, жобаның негізгі ережелерін талқылауға белсенді қатысты. Құқықтық сауаттылық, сыни ойлау мен қоғамдық үрдістерге шынайы қызығушылық танытты. Белсенділер мемлекеттік мекемелерде, кәсіпорындарда, қоғамдық ұйымдарда болып, реформалардың маңыздылығын түсіндірді. Оның әсерін айтып жеткізу мүмкін емес. Бірлік пен түсіністіктің арқасында Қазақстан халқы жаңа Конституцияға дауыс берді.

Ауқымды түсіндіру жұмыстарымен қатар облыстық ассамблея белсенділері маңызды іс-шараларды өткізді. Ақпан айында өңірге Беларусь Республикасының төтенше және өкілетті елшісі Алексей Богданов келді. Оны «Радзіма» белорус этномәдени орталығының және Қазақстан халқы ассамблеясының мүшелері қарсы алды.

Сондай-ақ жыл басында «Дуслык» татар-башқұрт бірлестігі ақын Мұса Жәлелдің 120 жылдығына арналған тағылымды кеш өткізді. Ең бастысы, сол кездесуде Петропавлда республикалық сабантой өткізу ұйғарылды. Оған дайындық қызу жүріп жатыр. Сонымен қатар қаламызға бірінші рет келген Татарстан Республикасы премьер-министрінің орынбасары Василь Шайхразиев алдағы мерекеге дайындық ауқымын жоғары бағалады. Сабантой шілде айында өтеді. Осындай қысқа мерзімде ауқымды әрі халықаралық мәдени, экономикалық іс-шараларды өткізуге этномәдени бірлестік өкілдерінің көмегі көп болғанын айтқым келеді.

Ассамблея мүшелері Наурызнама мерекесі аясындағы іс-шараларға белсенді қатысып, өңір тұрғындарына көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Кейін экологиялық маусым басталып, «Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясында ауқымды жұмыстар атқарды. Бірде-бір сенбілік этномәдени орталықтардың жетекшілерінсіз өткен жоқ. Олар осы қоғамдық жүктемені өздерінің жоспарлы іс-шараларымен үйлесімді ұштастыруда. Облыста «Бірлік биі – Единство в танце» фестивалі, «Жеңіс бірлікте!», «Инклюзивті Ассамблея», аналар кеңесінің «Әжеме барайықшы» жобалары, «Жомарт жан» орталығының қайырымдылық акциялары мен әлеуметтік маңызы бар бастамалары табысты жүзеге асырылуда. Сондай-ақ «Заң және тәртіп», «Адал азамат» тұжырымдамалары аясында жастар тәрбиесі, құқық бұзушылықтың алдын алу, буллинг пен есірткі қылмысына қарсы күрес мәселелері талқыланған «дөңгелек үстелдер» өткізілді.

Маусым айында облыстық ассамблея жанындағы «ҚХА Kids – 2026» балалар лагері бесінші жыл ойдағыдай жұмыс істеп, өңірдегі ең үздік жобалардың біріне айналғанын тағы бір мәрте дәлелдеді.

Достық үйінде өткен «Этностарды біріктіру жөніндегі мемлекеттік саясат шеңберінде этносаралық саладағы жобаларды ұйымдастыру және бағалау» атты республикалық семинар-тренинг те маңызды оқиғаға айналды. Іс-шараға Батыс Қазақстан, Ақмола, Атырау, Қостанай, Қарағанды, Ақтөбе, Маңғыстау мен Ұлытау облыстарынан этномәдени бірлестіктердің өкілдері қатысты. Семинар барысында қоғамдық жобаларды іске асыру, гранттық қаржыландыру, этносаралық келісімді нығайту және медиативтік тәжірибелерді дамыту мәселелері қаралды. Оқыту қорытындысы бойынша ЭМБ өкілдері қоғамдық келісімді нығайту тұрғысынан тәжірибе алды.

Жалпы соңғы алты айда көп жұмыс атқарылды. Соның ішінде 200-ге жуық іс-шараға шамамен 10000 адам қатысты. Бұл көрсеткіштер ұйым жұмысының ауқымы мен қоғамдағы беделін айқын көрсетеді. Ассамблеяның белсенді мүшелерінің еңбегі атаусыз қалған емес. Олар облыстық және республикалық деңгейдегі марапаттарға әбден лайық. Еңбектері еленген азаматтардың арасында «Қоғамдық келісім» КММ басшысы Кемел Оспанов та бар. Ол референдум жұмысына белсенді қатысып, демократиялық негіздерді нығайтуға, мемлекеттік институттарды жетілдіруге және азаматтардың құқықтарын қорғауға бағытталған жаңа Конституцияны қабылдау жөніндегі бастаманы қолдағаны үшін Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хатымен және «Алтын барыс» төсбелгісімен марапатталды.

Мұның барлығы – Қазақстан халқы ассамблеясы өкілдерінің күн сайынғы ауқымды және жүйелі еңбегінің нақты нәтижесі. Әрбір іс-шараның, қоғамдық бастаманың немесе қайырымдылық акциясының түпкі мақсаты – еліміздегі бейбітшілік пен тұрақтылықты, қоғамдық келісім мен халық бірлігін нығайту.

Біз мәдениетіміз, дәстүріміз және өмірлік тәжірибеміз жағынан әртүрлі болуымыз мүмкін. Алайда бәрімізді ортақ Отанға деген сүйіспеншілік, өзара құрмет және Қазақстанның болашағына деген жауапкершілік біріктіреді. Сондықтан біз кез келген сын-қатерді бірге еңсереміз. Әрбір жетістік – ортақ еңбектің жемісі. Біздің күшіміз – бірлікте.

**Жүсіп ЖҰМАҒҰЛОВ,**
*облыс әкімінің орынбасары.*

№47 (23411) Jūma,
26 mausym 2026 jyl

KÖKJİEK

SOLTÜSTIK
QAZAQSTAN

JERIÑNIÑ ATY – ELIÑNIÑ HATY

# ҚАЗАҚТА АТАУЫ ЖОҚ ЖЕР БОЛМАҒАН

**Тарихи сана-сезімді жаңғыртудағы ықпалы өлшеусіз әрі бұл бағыттағы маңызды идеологиялық құрал болып табылатын ономастика саласы әркез байыптылықты, ыждағаттылықты қажет етеді. Олай дейтініміз, бір кездері «көшеге көкесінің, ауылға атасының» атын бергісі келетіндердің жауыннан кейінгі саңырауқұлақша қаптап кеткенін ұмыта қойған жоқпыз.**



Президент 2023 жылы Түркістан төрінде өткен Ұлттық құрылтайда «Төл тарихымызда ерекше орны бар тұлғалардың бірыңғай тізімін әзірлеу қажет. Бұл тізім еліміздің ішінде және шетелде жалпыұлттық бірегейлігімізді айшықтайтын басты ұстынға айналмақ. Кейбір адамдардың қалауымен жалған өмірбаяны әдейі қолдан жазылған Кеңес дәуірінің қайраткерлері бар. Ондай жасанды тұлғалардың есімін түрлі нысандарға беруді доғару қажет», – деп атап көрсеткен болатын. 2025 жылы Бурабай баурайындағы алқалы басқосуда ономастиканы «тарихи еңбегі» ешқандай архив құжаттарымен расталмаған тұлғаларды ұлықтау құралы етуге болмайтынына айрықша тоқталып, ономастика саласын тәртіпке келтіруді тапсырды. Облысымызға жұмыс сапарымен келген белгілі қоғам қайраткері Дос Көшім осы тақырып шеңберінде өткен бірнеше кездесуге қатысып, ономастика мәселелері, оның ішінде атқарылған іс-шаралармен қатар шешімін табатын проблемаларды көтерді.

«Ономастиканың үш бағыты бар. Біріншіден, орыстандыру саясатымен енгізілген, ескірген, екіншіден, большевизм кезінде, тоталитарлық жүйе тұсында қойылған коммунистік идеологиялық атаулардан құтылу, үшіншіден, тарихи атауларды қалпына келтіру процесі. Қазақ қоғамын біріктіретін басты екі фактор – тіл мен тарих. Ал қазақ даласында ана тілімізде ныспыланбаған жер жоқ. Ата-бабаларымыз осы байтақ сахарада әр қоныс, әрбір өзен-көл, бұлақ пен мекен-тұрақты атаусыз қалдырмаған. Қазақ жеріне қоныстанған өзге диаспора өкілдерінің «атын біз қойдық» деп жүргені еш шындықпен үйлеспейді. Мұның өзі архивтік құжаттарға, деректі негіздемелерге сүйене отырып, тарихи тұрғыда көп жұмыс істеуімізді, зерделеп талдауымызды талап етеді», – деді ол.

Достық үйіндегі кездесуде көше атауларына қатысты мәселе де көтерілді. Р.Люксембург, К.Цеткина, И.Халтурин, Е.Пугачев, С.Разин, Сакко-Ванцетти, А.Невский көшелері патшалық кезеңді көзге елестетсе, облыс орталығында «күн көсемге», патша жендеті Володарскийге қос көшеден бұйырған. Интернационал, Первомайская көшелері мұрты бұзылмастан тұр. Ал байырғы атажұртта туып-өскен, елі, жері үшін арыстандай алысып, жолбарыстай жұлқысып, теңдессіз еңбек сіңірген, жанын пида еткен Абылай хан, Кенесары, Сегіз сері, Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Балуан Шолақ, Қажымұқан, Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов сияқты қайталанбас тұлғалар мұндай құрметке лайықсыз болғаны ма? Әлі күнге дейін атаусыз қалып, ескерілмей келе жатқаны, арада 35 жыл өтсе де, кеңестік жүйе белден басып енгізіп жіберген саясат ызғарының желдей есіп тұрғаны қалай?

Отырыста облыстық ішкі саясат басқармасының бөлім меңгерушісі Бағдат Мұқанова, М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің профессоры Жанар Таласпаева, «Тәуекел» ұйымының төрағасы Бурахан Дақанов, тағы басқалары өзекті мәселе төңірегінде келелі ой қозғап, көзқарастарын ортаға салды.

**Өмір ЕСҚАЛИ,**
*«Soltustik Qazaqstan».*

QOLJETIMDI BASPANA

# БАСПАНА АЛУДЫҢ ТИІМДІ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ



**Биыл облыста тұрғын үй құрылысына 9,5 млрд. теңге бөлінді. Бұл туралы облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы ақпарат таратты.**

Жақын арада Ғабит Мүсірепов атындағы, Шал ақын, Уәлиханов және Аққайың аудандарында тұрғын үйлерді салу бойынша конкурстар жарияланады. Сонымен қатар Петропавл қаласында жаңа тұрғын үйлерді тұрғызу және инженерлік инфрақұрылымды дамыту жұмыстары жалғасады.

Петропавлдағы Қ.Байболов көшесінде екі 117 пәтерлі тұрғын үйдің жобалары мемлекеттік сараптамаға жіберілген. Сонымен қатар тағы бір 72 пәтерлі баспананың жобасы әзірленуде.

Болашақта Оңтүстік және Бірлік шағынаудандарында жеке қазандықтар салу ойда бар. Ал Копай шағынауданында төрт ипотекалық және коммерциялық тұрғын үй салу, сондай-ақ 600 орындық мектеп құрылысы жоспарлануда.

Бұл орайда әлеуметтік осал топтағы азаматтарды баспанамен қамту мәселесі өзекті. Петропавл қаласында жыл сайын мұндай тұрғындарға кемі 100 пәтер қажет.

Қазір облыс орталығында пәтердің бір шаршы метрі шамамен 345 мың теңгені құрайды. Өңірде «Наурыз», «Қызылжар жастары», «Наурыз жұмыскер» және «Наурыз әскери» бағдарламалары тиімділігін көрсетуде. Мысалы, «Қызылжар жастары» бағдарламасы бойынша 49 ипотека беріліп, жалпы сомасы 714,9 млн. теңгені құрады. Сондай-ақ тұрғындарға «Наурыз» бағдарламасы бойынша 3,6 млрд. «Наурыз жұмыскермен» 549,1 млн. «Наурыз әскери» бойынша 555 млн. теңгенің заемы берілді.

Ал жас отбасылар үшін Отбасы банкте арнайы «Жас отбасы» депозиті қарастырылған. Бұл тетік ресми некеде тұрған ерлі-зайыптыларға тұрғын үй жағдайын жақсарту мақсатында қаражат жинауға мүмкіндік береді. Бағдарламаның артықшылықтарының бірі – ипотеканы төмен мөлшерлемемен алу. Облыста «Жас отбасы» бағыты бойынша жалпы сомасы 119,7 млн. теңгеге 6 ипотека берілген.

Бастапқы жарна ипотека рәсімдеуде маңызды рөл атқарады. Отбасы банкте тұрғын үй заемдарының ең төменгі бастапқы жарнасы 10 пайыздан басталады. Алғашқы жарна неғұрлым жоғары болса, шарттары да соғұрлым тиімді болатынын ескеру қажет.

«Отбасы банк» облыстық филиалының маманы Дарина Башенованың айтуынша, пәтер алу мүмкіндігі әр азаматтың қаржылық жағдайына, табысына және тұрғын үйге деген қажеттілігіне байланысты. Отбасы банкте нарықтағы бағаға қарамастан клиенттер үшін қолжетімді қаржыландыру тетіктері сақталған. Бірақ банк өкілі көп жағдайда азаматтар төлем қабілеттілігін растай алмай, несиелік жүктемесі жоғары болатынын айтады. Сондықтан ипотека рәсімдемес бұрын қаржылық жағдайды бағалау маңызды.

**Данагүл ҮРТЕМІШ,**
*«Soltüstik Qazaqstan».*

**Сыбайлас жемқорлық – қазіргі қоғамның дамуына айтарлықтай кедергі келтіретін, мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін төмендетіп, экономикалық өсімді тежейтін өзекті мәселе.**

# ПАРАҚОРЛАР СОТТАЛДЫ

Мемлекет басшысының 2022 жылғы 2 ақпандағы Жарлығымен Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тұжырымдамасы бекітілген. Тұжырымдаманың басты бағыттары – жемқорлықтың алдын алу, құқық бұзушылық жасағандарды жауапкершілікке тарту және қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті нығайту.

Өңірде 2026 жылдың басынан бері сыбайлас жемқорлық сипатындағы 39 қылмыстық іс тіркелген. Оның бесеуі соттың қарауына жолданды.

Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет органдарының мәліметіне сәйкес, өңірде 15 адам күдікті ретінде танылған. Сонымен қатар жемқорлық қылмыстарын жасаған 7 адамға қатысты сот үкімі шығарылған. Олардың қатарында жергілікті атқарушы органдардың қызметкерлері мен ішкі істер органдарының өкілдері бар.

Өңірде жиі тіркелетін құқық бұзушылық түрлері – пара алу және беру, алаяқтық, қызметтік өкілеттіктерді жеке мүдде үшін пайдалану. Мысалы, лауазымды тұлғаның бірі мәселені оң шешіп беруге көмектесетінін айтып 200 мың теңге көлемінде ақша алған. Кейін ол әрекеті үшін алаяқтық бабымен қылмыстық жауапкершілікке тартылған.

Петропавл қалалық сотының 2026 жылғы 2 сәуірдегі үкімімен ол 2 жыл 7 ай мерзімге бас бостандығынан айырылды. Бұл жағдай жемқорлық қылмыстарының салдары өте ауыр болатынын көрсетеді. Сотталған адам тек бас бостандығынан айырылып қана қойған жоқ, өмір бойына мемлекеттік қызметке лауазымды жұмысқа тұра алмайды. Сондай-ақ оған берілген арнайы атақ та жойылады.

**Шоқан ҚҰЛДАНОВ,**
*Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің басшысы.*

№47 (23411) Jūma, 26 mausym 2026 jyl

ZAMAN JÄNE ZAÑ

# АТА ЗАҢДАҒЫ ЖАҢАШЫЛДЫҚТАР

**Облыстық әділет департаментінде Мемлекеттік қызметші күніне және Қазақстан Республикасы Конституциясының жаңашылдықтарын түсіндіруге арналған жиын өтті.**

Қазақстан Республикасы Конституциясының негізгі ережелері туралы баяндама жасаған М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің «Қазақстан тарихы және құқық» кафедрасының оқытушысы, заң ғылымдарының кандидаты Гүлбақша Мұсабаева адам құқықтарын сақтау, мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру, қоғамдық институттарды дамыту, сондай-ақ «Әділетті Қазақстан», «Заң және Тәртіп» қағидаттары мен құқық үстемдігін іске асыру мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Әділет департаментінің басшысы Елтай Рәшқалиев кәсіптік мерекемен құттықтап, мемлекеттік қызметшілердің жүргізіліп жатқан реформаларды іске асырудағы және құқықтық мемлекетті одан әрі нығайтудағы еңбегінің маңыздылығын атап өтті.

**Жайна НҰРМАҒАНБЕТ.**

# ҚҰҚЫҚТАРЫ ҚОРҒАЛДЫ

**Өңірде мемлекеттік қызметшілердің құқығының бұзылуына қатысты бірқатар заң бұзушылықтар анықталды.**

Мемлекеттік қызмет істері агенттігі, облыстық департаментінің мәліметінше, өткен жартыжылдықта 19 тексеру жүргізілген. Оның ішінде 5-уі жоспарлы, 14-і жоспардан тыс. Нәтижесінде 29 мемлекеттік қызметшінің құқығы қалпына келтірілді. Сонымен қатар жұмыс уақыты режимінің сақталуына мониторинг жүргізіліп, 108 мемлекеттік орган қамтылды. Нәтижесінде 62 мемлекеттік қызметшінің құқығы қорғалды.

«Ең жиі кездесетін заң бұзушылықтар – мемлекеттік қызметшілерге белгіленген жұмыс уақытынан тыс міндеттерді орындату, сондай-ақ тәртіптік жауапкершілікке тарту кезінде заңнамада көзделген рәсімдердің сақталмауы. Жеке тұлғаның өтініші негізінде жүргізілген тексеру барысында мемлекеттік қызметшілердің белгіленген жұмыс кестесінен тыс қызметтік міндеттерді орындауға тартылғаны анықталды. Атап айтқанда, лауазымды тұлға қызметкерлерден жұмыс күні басталғанға дейін қызметтік ақпарат беруді талап еткен. Тексеру нәтижесінде бұл дерек расталып, қызметшілерге жұмыс уақытынан тыс атқарған жұмысы үшін демалыс күндері берілді», – дейді департамент басшысының орынбасары Бақыт Махатов.

Сондай-ақ тәртіптік жаза қолдану кезінде заң талаптарының бұзылғандығы анықталған. Осылайша үш тәртіптік жазаның күші жойылып, қызметшілердің құқығы қалпына келтірілді. Бұдан бөлек, мемлекеттік қызметшілердің әдеп нормаларын бұзу фактілері бойынша азаматтардың өтініштері қаралып, екі жағдайда тәртіптік іс қозғалды. Әдеп жөніндегі кеңестің шешімімен кінәлілер тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

**Ақерке ДӘУРЕНБЕКҚЫЗЫ,**
*«Soltüstık Qazaqstan».*

28 MAUSYM – BŪQARALYQ AQPARAT QŪRALDARY QYZMETKERLERINIÑ KÜNI

**Көрермен теледидардағы жаңалықтарды көргенде көбіне дикторға ғана назар аударады. Алайда әрбір эфирдің, әрбір әсерлі кадрдың артында оқиғаны көрерменге жеткізетін телеоператордың еңбегі тұрғанын білмейді. «Qyzyljar» телеарнасының операторы Орал Әміренов – тәжірибесі толысқан мамандардың бірі.**



# КАДР СЫРТЫНДАҒЫ ҚАЖЫРЛЫ ЕҢБЕК

Орал Әміренов 1971 жылы дүниеге келген. Оның еңбек жолы тележурналистикадан мүлдем, басқа саладан басталды. Сегізінші сыныптан кейін темір жол техникумын тамамдап, әскери борышын өтеген ол анасының жолын қуып, өрт сөндіру саласына келеді. Қарапайым өрт сөндірушіден бастап, қарауыл бастығына дейін көтеріліп, офицерлік шен алған. Алайда тағдыр өмірін басқа арнаға бұрды.

«Бұл мамандыққа кездейсоқ келдім», – дейді ол. 1990 жылдардың соңында Орал Маратұлы досының ұсынысымен бейне камерасын алып, той түсіруге барады. Сол жерде телевизия саласының өкілдерімен танысады. 2000 жылы муниципалдық телеарнаға (МТРК) жұмысқа орналасып, кейін облыстық телеарнаға ауысқан. Ол кезде «Qyzyljar» облыстық телеарнасы «Қазақстан-Петропавл» деп аталған еді. Бүгінде өңірлік телеарнада еңбек етіп жатқанына жиырма жылдан астам уақыт болды. Бір кездері Президент телерадиокешеніне жұмысқа шақырту алғанымен туған жерінен жырақ кете алмаған.

Оператордың жұмысы сырт көзге оңай көрінгенімен, оның жауапкершілігі орасан. Орал Маратұлының айтуынша, нағыз оператор оқиғаны жай ғана түсіріп қоймай, оның атмосферасын көрерменге сезіндіре білуі керек.

– Көрермен дыбысты өшіріп қойса да, кадрларға қарап не болып жатқанын түсінуі қажет, – дейді ол. Білікті маман қандай қиын сәттер болса да жұмысына адалдық танытып, сенім биігінен көрінуде. Өрт, су тасқындары, басқада табиғи апаттар кезінде оқиға орнында болып, жұртшылыққа жедел ақпарат жеткізуге атсалысты.

– Осыдан бірер жыл бұрын Петропавлда жатақханада үлкен өрт орын алды. Мен ол кезде үйде отыр едім, кенет жарылған дыбысты естідім. Одан кейін дабыл іске қосылды. Іштей төтенше жағдай орын алғанын түсіндім. Қыс мезгілі болатын. Дала аяз. Редактордың қоңырауын күтпей, дереу жұмысқа бардым. Камераларды алып, оқиға орнына асықтым. Біздің жұмыс жеделдікті, шапшаңдықты талап етеді, – дейді Орал Әміренов.

Оның тәжірибесінде мұндай оқиғалар аз емес. Кейде өмірі мен денсаулығына қауіп төнетін сәт те болады. Мәселен, 2017 жылы Тайынша ауданында бір ауылды су басып, Орал Маратұлының түсірілім тобы тасқын ортасында қалған екен. Көпшілік байқамайтын тағы бір маңызды мәселе – журналист пен оператордың өзара үйлесімді жұмысы. Кейіпкеріміздің пікірінше, сапалы репортаждың шығуы екі маманның бір-бірін сөзсіз түсінуіне байланысты.

Тәжірибелі маман жас әріптестеріне бағыт-бағдар беріп отырады. Ол жастарға батыл болуға, үнемі ізденуге, кітап оқуға және тәжірибелі мамандардан кеңес алуға, білмегенін үйренуден қорықпауға кеңес береді.

Жиырма жылдан астам уақыт ішінде ол мыңдаған шақырым жол жүріп, жүздеген оқиғаның куәсі болды. Франция, Түркия елдеріне іссапармен барып, тамаша кадрларды көрерменге тарту етті. Диқандармен егіс алқабында, дәрігермен ота бөлмесінде, полициеймен түнгі кезекшілікте болған кездері аз емес. Оператор – қоғам өмірінің әр сәтін таспаға түсіріп, тарихқа айналдыратын маман. Кадр сыртында жүрген осындай жандардың еңбегі құрметке лайық.

**Данагүл ҮРТЕМІШ,**
*«Soltüstık Qazaqstan».*

AUA RAIY

# ШІЛІҢГІР ШІЛДЕ

**Солтүстікте маусым айында аптап ыстық сирек болады. «Қазгидромет» кәсіпорны облыстық филиалының мәліметінше, соңғы рет мұндай ауа райы 1989 және 2015 жылдары тіркелген екен.**

Синоптиктердің айтуынша, қазір облыс аумағына Орта Азия мен Орталық Қазақстанның шөлді аймақтарынан келген құрғақ тропикалық ауа массалары әсер етіп жатыр.

Биылғы маусым айының басты ерекшелігі – ұзаққа созылған аптап ыстық. Ай басталғалы облыстағы ауа температурасы көпжылдық орташа көрсеткіштерден 3-5 градусқа жоғары. Өңір бойынша орташа ауа температурасы +20...+23°C шамасында. Күндіз термометр бағаны +28...+33°C-қа дейін көтерілсе, облыстың шығыс және оңтүстік-шығыс бөліктерінде +35...+36°C-қа дейін жеткен.

Мамандардың болжамынша, шілдеде де өңірде ыстық ауа райы сақталады. Орташа ауа температурасы +19...+21°C болмақ. Бұл климаттық нормадан шамамен 1 градусқа жоғары.

Шілденің алғашқы онкүндігінде түнгі ауа температурасы +4...+9°C-тан +9...+14°C-қа дейін, ал күндіз +20...+25°C пен +25...+30°C аралығында құбылады. Онкүндіктің соңына қарай күн қайта ысиды. Екінші онкүндіктің басында ауа температурасының одан әрі жоғарылауы күтіледі. Түнде +17...+22°C, ал күндіз қатты ыстық болып, +31...+36°C-қа дейін жетуі мүмкін. Онкүндіктің соңында аздап салқындауы мүмкін.

Шілде айында облыстың басым бөлігінде жауын-шашын мөлшері климаттық норма шамасында болады деп болжанған. Айлық норма 56-81 мм аралығында. Жаңбыр жауып, найзағай ойнауы және желдің секундына 15-20 метрге дейін күшеюі жиі байқалмақ. Бірінші және екінші онкүндіктің ортасында бұршақ күтіледі.

Бірінші және үшінші онкүндіктің соңында тұман түсуі ықтимал. Ал екінші онкүндіктің ортасында шаңды дауыл болуы мүмкін.

**Ақерке ДӘУРЕНБЕКҚЫЗЫ,**
*«Soltüstık Qazaqstan».*

№47 (23411) Jūma,
26 mausym 2026 jyl

MÄSELE

SOLTÜSTIK
QAZAQSTAN

# БАЛА ДЕНСАУЛЫҒЫНА ТӨНГЕН ҚАТЕР

1- бетте

Әр ана баласын ел қатарлы есейсе, айналасына жақсылығы тиетін адам болса деп армандайды. Бұл жолда ата-ана ештеңеден аянбайды. Көз қуанышын қызғыштай қорып, әр басқан қадамына қуанады. Алайда осы арманана жете алмай, ауыр дертпен күрескен тағдырлар қаншама. Оның әрқайсысының артында түрлі себеп жатыр.

– Денсаулық сақтауды дамытудың ұлттық жоспарында ана мен бала өлімінің алдын алуға ерекше мән берілген. Өңірде аталған салада бұрын айтарлықтай мәселелер болды. Кей кезеңдерде әр мың тірі туған балаға шаққанда қайтыс болу 14-ке дейін жетті. Алайда қолға алынған жұмыстардың арқасында көп қауіптің алдын алдық. Бүгінде аталған көрсеткіш 5,5-ке дейін азайды. Бұл сандардың артында аман қалып, өмір сүруге мүмкіндік алған сәбилердің тағдыры тұр. Былтыр облыстық балалар ауруханасы еліміздегі үздік балалар ауруханасы атағын иеленді. Онда сапалы әрі жылдам көмек көрсетуге жағдай жасалған. Шала туған балаларға ерекше көңіл бөлінеді. Қазір бір келіге дейінгі салмақпен туған сәбилерді де аман алып қалудың жолдары бар. Бұл ретте өлімнің ғана емес мүгедектіктің де алдын алу маңызды, – дейді облыстық көпбейінді аурухананың директоры Нұрлан Айманов.

Өңірдегі бала саулығын сақтауға маманданған бірден бір мекеме – облыстық балалар ауруханасы. Оған қоса аудандық ауруханаларда да кішкентайларға арналған орындар қарастырылған. Жалпы облыс бойынша 551 емделушіге арналған орын бар. Оның 67 пайызы облыс орталығындағы ауруханада. Одан кейін Новоишимкада 23, Булаевта 22, Тайыншада 22, Сергеевкада 16, Смирнов пен Пресновта 15 орын қарастырылған.

Облыста 18 жасқа дейінгі 127 мың бала бар. Оның 106 мыңы 14 жасқа дейінгілер, 4 мыңы бір жасқа дейінгі сәбилер. Өкінішке қарай, бірінші тоқсанда туу көрсеткіші кеміген.

Облыстық көпбейінді балалар ауруханасының директоры Айдар Мұстафиннің сөзінше, бала бойындағы дертпен күрескеннен гөрі оның алдын алған тиімді. Өңірде профилактика жұмыстарымен 18 ұйым айналысады. Балалардың қалыпты дамуын бақылайтын 21 кабинет жұмыс істейді. Бірінші тоқсанның қорытындысы бойынша стационарда 7,9 мың бала ем алған. Кішкентайларға 1233 ота жасалған. Барлық отаның 98 пайызы қалада істеледі. Өкінішке қарай, бірінші тоқсанда 5 жасқа дейінгі 13 бүлдіршін көз жұмған. Олардың дені бір жасқа дейінгі нәрестелер. Жыл басынен бері мамандар ішек инфекциясы мен бактериялық аурулардан болатын өлімнің алдын алған. Алайда жүйке патологиясы, күтпеген өлім синдромы, туабітті ауытқушылықтарға байланысты қайғылы жағдайлар тіркелген.

– Жамбыл, Тайынша, Тимирязев, Шал ақын және Ғабит Мүсірепов атындағы аудандарда бала өмірін сақтап қалу мүмкін болмаған. Облыс бойынша педиатр дәрігерлердің штаттық саны шамамен 100 адамды құруы тиіс, қазір 65 маман еңбек етеді. Өңірде неонотологтар тапшы. Небәрі 17 дәрігер жұмыс істейді. Мамандарға түсетін жүктеме ауыр. Кадр тапшылығы, мамандардың тұрақтамауы салаға кері әсер етуде. Бұл ретте құрал-жабдықтың жеткілікті болуы да маңызды. Биыл педиатрлық қызметтің жабдықталуы 67 пайызға жетті. Аудандық ауруханаларға қосымша құрылғылар алу қажет, – дейді Айдар Мұстафин.






*Сәбилерге ота жасауда аудандарда тиісті жағдай жоқ. Барлық отаның 98 пайызы қалада істеледі. Өкінішке қарай бірінші тоқсанда 5 жасқа дейінгі 13 бүлдіршін көз жұмған.*

Өңірде балаларды стационарлық деңгейде дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету 79 пайызды құрайды. Әсіресе түпнұсқа дәрілерді алуға қаржы тапшы. Мамандар мемлекет бекіткен төмен баға бойынша қажетті дәріге қол жеткізе алмай қиналады. Оған қоса емдеу мекемелеріндегі қабылдау бөлімдерінің тарифтері де төмен бағаланған. Облыстық балалар ауруханасын қаржыландыру жеткіліксіз. Биыл ұйым қаражатының 79 пайызы қызметкерлердің айлығына жұмсалған. Бұл – бұрын болмаған көрсеткіш. Соның салдарынан керек құрал-жабдық пен дәрі-дәрмек алу қиындады. Препараттар алуға 14, балалардың тамақтануына 5 пайызы ғана жұмсалады. Одан қалған ақша ғимаратты күтіп ұстау мен коммуналдық шығындардан артылмайды. Жаңғырту мен технологиялық дамуға қаржы қалмайды.

Дәрігерлердің жұмысын қиындатып отырған тағы бір жағдай – шұғыл көмекке жүгінетіндердің көп болуы. Балалар ауруханасына келетін кішкентай науқастардың 78 пайызына жедел көмек керек. Мұндай оқыс оқиғаларды болжау немесе қабылдауды шектеу мүмкін емес.

Кішкентайлардың саулығы үйдегі күтім мен қамқорлыққа байланысты. Педиатрлар бала бағуға салғырт қарайтын аналардың көбейіп кеткеніне алаңдаулы. Сәбиіне сүт қоспасын дүкеннен алып бере салуға бейім әйелдер қатары артқан. Ана сүтін eмбеген баланың дамуы тежеліп, ауруға шалдығу қаупі артады. Жүктілік кезінде де маман кеңесіне құлақ аспай, құрсақтағы перзентіне зиян келтіріп алатындар бар.

Облыстағы бала құқықтары жөніндегі уәкіл Сәуле Сұраганова бүлдіршіндердің саулығы үйдегі жайлылықтан басталатынын айтады. Бүгінге дейін өңірде тұрмыс жағдайы төмен болуына байланысты ауруханаға түсіп қалған балалар тіркелген.

– Әр баланың медициналық көмек алып, алаңсыз өмір кешуге хақы бар. Қауіпті ауруларды ерте анықтау маңызды. Ата-аналар мен педиатрлар бала бойынан күмәнді белгілерді байқағанда бірден іске кірісуі керек. Тұрмыстық жағдайдың төмендігі, қамқорлықтың жетіспеуі, зорлық-зомбылық пен отбасыдағы мәселелер бала денсаулығына кері әсер етеді. Аш өзегіне түскен, дамудың тежелуі, мінез-құлықтың өзгеруі байқалған балаларға жан-жақты көмек көрсетуге тырысамыз. Бала саулығы дегеніміз сапалы медициналық көмек қана емес, әлеуметтік, психологиялық, құқықтық қолдаудың болуы. Мысалы, дем алуы қиындаған бір бала емделіп үйіне жіберілгеннен кейін аз уақытта қайта ауруханаға түскен. Біз оның үй жағдайы нашар екенін анықтап, басқа баспанаға көшуіне жағдай жасадық, – дейді бала құқықтары жөніндегі уәкіл.

**Диас АЯҒАН,**
*«Soltüstık Qazaqstan».*

**EL IŞI – ÖNER KENIŞI**

## ӨНЕР – ДОСТЫҚ КӨПІРІ

Мағжан Жұмабаев ауданындағы Лебяжье ауылында 600-ден астам тұрғын бар. Мұнда 11 ұлттың өкілдері бір шаңырақ астында тату-тәтті ғұмыр кешуде. Көпұлтты ауылда қоғамдық келісім мен достықтың нығаюына мәдени іс-шаралардың ықпалы мол.

Ауылдағы демалыс орталығында ән мен күй үзілмейді. Мұнда тұрғындар түрлі мерекелік іс-шараларға дайындалып, шығармашылық ұжымдар концерт өткізеді. Екі жыл бұрын құрылған «Сударушка» вокалдық тобы да осы жерде дайындалады.

– Біз барлық мерекелік іс-шараларға белсене қатысамыз. Репертуарымызда қазақ және орыс тілдеріндегі әндер мен билер бар. Өткен жылы аудандық байқауға жолдама алып, шығармашылық ұжымның өнері жоғары бағаланды. Кейін гала-концертте 100 мың теңгелік сертификатқа ие болдық, – дейді «Сударушка» тобының мүшесі Галина Кристинина.

Осындай өнер ұжымдарының қызметі ауыл тұрғындарын біріктіріп қана қоймай, түрлі этнос өкілдерінің мәдени байланысын нығайтуға да ықпал етіп отыр. Лебяжье ауылындағы татулық пен өзара сыйластық – еліміздегі қоғамдық келісімнің жарқын көрінісі.

**Данагүл ҮРТЕМІШ,**
*«Soltüstık Qazaqstan».*

SOLTÜSTIK QAZAQSTAN

JAS QYRAN

№47 (23411) Jūma,
26 mausym 2026 jyl



# ЖАНКЕШТІ ЕҢБЕК

**Қоғамдағы ең жауапты әрі құрметті мамандар – медицина қызметкерлері. Адам денсаулығын сақтап, өміріне араша түсу білімді, кәсіби шеберлікті және жанашырлықты талап етеді. Бүгінде осы салада жас мамандардың қатары артып келеді. Солардың бірі – №1 қалалық емхананың фельдшері Дильназ Кенжебаева.**

Дильназ Сұңғатқызы медицина саласына кездейсоқ келген жоқ. Адамдарға көмектесуге деген шынайы ниеті мен медицинаға қызығушылығы оны осы мамандықты таңдауға жетеледі. Жұмағали Тілеулин атындағы жоғары медициналық колледжді «Емдеу ісі» мамандығы бойынша тамамдаған ол, бүгінде алған білімін тәжірибемен ұштастыруда.

Жас маманның денсаулық сақтау саласындағы еңбек өтілі екі жылды құрайды. Осы уақыт ішінде ол тәжірибе жинақтап қана қоймай, мамандығының маңызын терең түсініп, өз ісіне деген сүйіспеншілігі арта түскен.

Фельдшердің жұмыс күні ерте басталады. Күн сайын науқастардың жағдайын тексеріп, қажетті құжаттарды қарап, атқарылатын жұмыстарды жоспарлайды. Орта есеппен күніне 20-30 науқасты қабылдайды. Кей күндері бұл көрсеткіш одан да жоғары болуы мүмкін.

– Көпшілік фельдшер мамандығын алғашқы медициналық көмек көрсетумен ғана байланыстырады. Алайда бұл қызметтің жауапкершілігі әлдеқайда жоғары. Кей жағдайда шұғыл шешім қабылдап, науқастың өмірін сақтап қалуға атсалысуға тура келеді. Сондықтан бұл мамандық кәсіби біліммен қатар батылдық пен табандылықты талап етеді, – дейді Дильназ Кенжебаева.

Айтуынша, науқастармен қарым-қатынаста ол сыйластықты, сабырлылықты және түсіністікті бірінші орынға қояды. Өйткені емделушіге дәрі-дәрмекпен қатар жылы сөз бен жанашырлық қажет.

Медицина саласында қиындықтар да аз емес. Шұғыл жағдайлар, уақыт тапшылығы және эмоционалдық жүктеме жиі кездеседі. Мұндай сәттерде жас маман сабыр сақтап, бар назарын науқасқа қажетті көмекті дұрыс көрсетуге бағыттайды.

Дильназ Сұңғатқызы медицинадағы цифрландыру үдерістерін оң бағалайды. Оның айтуынша, заманауи технологиялар дәрігерлер мен науқастардың жұмысын жеңілдетуде. Мәселен, азаматтар «Damumed» жүйесі арқылы дәрігердің қабылдауына жазылып, зертханалық талдау нәтижелерін онлайн қарай алады.

Әрбір медицина қызметкері үшін науқастардың алғысы ерекше маңызға ие. Дильназ Кенжебаева да адамдардың ризашылығы ең үлкен баға әрі алға жетелейтін күш екенін атап өтеді.

Алдағы уақытта ол білімін жетілдіріп, тәжірибесін арттырып, өз саласының білікті маманы болуды мақсат етеді.

– Өзім қатарлы жастарға айтарым – медицина саласын таңдауды ойлап жүргендер бұл мамандыққа жүрек қалауымен келгені дұрыс. Себебі фельдшердің қызметі үлкен жауапкершілікті, үздіксіз білім алу және адамға деген шынайы жанашырлықты талап етеді. Бұл – тек мамандық қана емес, адам өмірі мен денсаулығына жауап беретін абыройлы әрі маңызды қызмет, – дейді ол.

Дильназ Сұңғатқызы секілді өз ісіне адал, мейірімді әрі жауапты мамандардың еңбегі қоғам үшін аса құнды. Өйткені денсаулық сақтау жүйесінің басты байлығы – заманауи ғимараттар мен құрал-жабдықтар емес, ең алдымен, адам өміріне бейжай қарамайтын білікті мамандар.

# ЗАМАНАУИ МАМАНДЫҚ

**Бүгінде әлеуметтік желілердің қарқынды дамуы жаңа мамандықтардың пайда болуына ықпал етті. Солардың бірі – UGC креатор. Бұл мамандық әсіресе цифрлық маркетинг саласында кең таралып, көптеген брендтер мен компаниялардың назарын аударуда. UGC сөзі ағылшын тіліндегі «User Generated Content» тіркесінің қысқартылған нұсқасы – «пайдаланушы жасаған контент» деген мағынаны білдіреді.**



UGC креатор – белгілі бір өнім немесе қызмет туралы шынайы әрі тартымды контент дайындайтын адам. Ол көбіне қысқа бейнероликтер, фотосуреттер немесе пікірлер түрінде материалдар дайындайды. Мұндай контенттің басты ерекшелігі – оның табиғилығы. Көрермен кәсіби жарнамадан гөрі қарапайым адамның тәжірибесіне көбірек сенім білдіретіндіктен, брендтер UGC форматындағы материалдарды жиі қолданады.

Бұл мамандық иелері міндетті түрде танымал блогер немесе инфлюенсер болуы шарт емес. Олардың басты міндеті – өнімнің ерекшеліктерін қарапайым әрі түсінікті түрде көрсету. Мысалы, жаңа косметикалық құралды пайдалану барысын түсіріп, оның артықшылықтарын бөлісу немесе тұрмыстық техниканың қызметін тәжірибе арқылы көрсету UGC контентке жатады.

UGC креаторлар көбіне «TikTok», «Instagram» және «YouTube» сияқты платформаларға арнап контент жасайды. Қысқа форматтағы бейнероликтер қазір өте танымал болғандықтан, мұндай материалдар тез таралып, көп адамның назарына ілігеді. Нәтижесінде брендтің танымалдылығы артып, өнімге деген қызығушылық күшейеді.

Бұл салада жұмыс істеу үшін креативтілік, бейнемонтаж жасау дағдылары, камера алдында еркін сөйлеу қабілеті және әлеуметтік желілердегі трендтерді түсіну маңызды. Сонымен қатар аудиторияның қызығушылығын оята алатын идеялар ұсыну да үлкен рөл атқарады. Көптеген UGC креаторлар арнайы білім алмай-ақ, тәжірибе жинақтау арқылы кәсіби деңгейге жетуде.

Соңғы жылдары компаниялар тұтынушылармен жақын қарым-қатынас орнатуға көбірек мән бере бастады. Сондықтан шынайы және сенімді контентке деген сұраныс артып келеді. Осыған байланысты UGC креатор мамандығы болашақта да өзектілігін жоймай, цифрлық маркетингтің маңызды бағыттарының бірі болмақ. Бұл кәсіп шығармашылықпен айналысуды ұнататын және әлеуметтік желілер әлемінде жұмыс істеуге қызығатын жастар үшін үлкен мүмкіндік.

# КӨШЕ СӘНІ




Қазір жастар мәдениетінің ең жарқын көріністерінің бірі – «street style» немесе көше сәні. Бұл тек киім кию үлгісі ғана емес, адамның өзін көрсету тәсілі, өмір салты және белгілі бір ортаға көзқарасы. Әлемнің ірі қалаларында бастау алған бұл үрдіс бүгінде әлеуметтік желілердің арқасында бүкіл әлемге таралып, жастар арасында кеңінен танымал болды.

«Street style» мәдениетінің ерекшелігі – еркіндік пен даралық. Жастар сән талаптарына немесе белгілі бір ережелерге бағынудан гөрі, өз талғамын көрсетуге ұмтылады. Кең пішінді киімдер, кроссовкалар, худилер, ерекше аксессуарлар және түрлі стильдердің үйлесімі көше сәнінің басты белгілеріне айналған. Мұндай образдар адамның мінезін, қызығушылықтарын және дүниетанымын білдіреді.

Қазіргі жастардың «street style» мәдениетіне қызығушылығы әлеуметтік желілердің дамуымен тығыз байланысты. «Instagram», «TikTok» және басқа платформаларда жастар өз образдарын көрсетіп, әлемнің түкпір-түкпіріндегі сән үрдістерін бақылай алады. Бір кездері белгілі қалалардағы шағын топтардың арасында ғана таралған көше сәні бүгінде жаһандық құбылысқа айналды.

Бұл мәдениеттің тағы бір қызықты қыры – оның музыкамен және спортпен байланысы. Хип-хоп, скейтбординг, баскетбол және граффити өнері «street style»-дің қалыптасуына әсер етті. Сондықтан көптеген жастар үшін көше сәні тек киім емес, белгілі бір субмәдениеттің бір бөлігі болып есептеледі.

Соңғы жылдары ірі сән брендтері де «street style» элементтерін өз коллекцияларына енгізе бастады. Бұл құбылыс жастардың талғамы мен көзқарасының сән индустриясына қаншалықты ықпал ететінін көрсетеді.

Бүгінде «street style» мәдениеті жастардың шығармашылығын, еркін ойлауын және өзіндік ерекшелігін айқындайтын маңызды әлеуметтік құбылысқа айналды. Ол жастарға өз ойын жеткізуге мүмкіндік беретін заманауи мәдениеттің ажырамас бөлігі болып отыр.

**Бетті дайындаған Азамат МҰРАТ,**
*М.Қозыбаев атындағы СҚУ-дың студенті.*

№47 (23411) Jūma,
26 mausym 2026 jyl

RUHANIAT

SOLTÜSTIK QAZAQSTAN

# ӘЙ, ДҮНИЕ-АЙ!

*(Басы өткен сандарда)*

Алайда ана орыстарды іздегелі барасың ғой деуге батылы жетпеді.

***

Кең далада ел қалмапты. Сай-саланың қалтарысына тығылған санаулы ауыл болмаса, бүкіл Қарқара мен Кегеннің жазығында не тірі жан, не тірі мал қарандамайды. Әр сайдың іші мен әр қырқаның ар жағында орыстың оғы ажалыңды дайындап тұрғандай қорқынышты. Қыркүйектің қара суығы сәл ашылған жерінді мұз тигендей қариды.

Тазабек Жалаңашқа, ал Нүсіпбектер Темірлік арқылы Қырғызсай мен Кетпенге соғатын болып, Қайқының тұсында екі ажырасты. Кеңсудың етегін бөктерлей өтіп бара жатып, ана жер-мына жерде қаптап жатқан қап-қара төмпешікке Тазабек таңдана қарады. Бұрын бұл арада мұндай нәрсе болмаған. Не екенін білейін деп, солай бұрылды. Жақындап келгенде, өз көзіне өзі сенбеді. Үйме төмпешіктер өңшең өртенген үйдің күлі екен. Дәл ата-енесін өртегендей отын жинап әкеп өртепті. Қаптаған қайдағы үй? Қайдан келген үй? Бұлар қашқанда, бұл арада ешкім жоқ болатын. Үйлердің арасы жиі, үйме-жүйме тігіліпті. Әрине, қашқан қазақтар. Қазған ошақтарына қарағанда, бірер күн аялдаған. Атынан түсіп, екі-үш жұрттағы күлді ағашпен аударыстырып қарады. Адамы жоқ үйлерді жүк-мүгімен өртеген секілді. Адамдары аман құтылған болу керек. Мұншама үйді шетінен өртеп келе жатқанда, қашан мені өртер екен деп, қалғандары қарап жатсын ба? Үйсіз, мүліксіз адамның алдағы күз бен қыстан өзі де аман қалмайтынын өртеушілер түсінген. Қашқандардың ақылы да қашып, қуғандардың ақылы да асып тұрған заман-ай десеңші!

Шет Меркінің қарағайлы жотасынан бір елік атып алды. Жалаңаштың желкесіне келіп, шағын үңгірдің аузына тоқтады. Ойы — осы арадан орыстарды байқау. Қараңғы түскенше еліктің етін қақтап жеді. Ер-тоқымын жастанып, үңгірге түнеді. Танертең биіктен Жалаңашқа қарады. Бірен-саран көрінген казак-орыс соғыс жағдайында жүргендей түгел мылтық асынып алыпты. Оған бару көпе-көрнеу өлімге бару екенін ұқты. Кек алмақ ойы да сап суынды.

Қайтарында қарағайлы жотамен Екі Аша арқылы Талдыбұлақтағы Жомарттың ауылына соқты. Оның тып-типыл боп жатқан жұртын көрді. Әйтеуір, өрттен аман. Оған да тәубә деді. Алайда Көміршіге неге соқпағанын оймен де болжай алмады, Жаман ойға барғысы келмеді.

Жіңішкелеу бұлақтың жайылма етегін айнала беріп, жайрап жатқан үш өлікке тап келді. «Астапыралла!» — деді жағасын ұстап. Қарақолға баратын күре жолдан қырық-елу қадам шетте теңкиіп өліп бір әйел жатыр. Омырауы күл-талқан, етегі түрілген, жалаңбұт. Бірі бозбала, екіншісі әлі сәби — екі ұлы екі жағында өліп жатыр. Үшеуінен әріректе он екі — он үш жасар баланың басын қылышпен қақ айырыпты. Оған да айызы қанбай, тоңқайтып қойыпты да, артқы тесігін аумағымен ойып алып тастапты. Ол да ана әйелдің баласы ма, басқа ма, белгісіз. Бір атаның тұқымы осылармен тыйпыл болды ма, кім біледі? Бар қазақ қарсы болса да, әй, осы төртеуі ақ патшаның жарлығына қарсы бола қойған жоқ шығар?! Тіпті, ақ патшаның, қара патшаның кім екенін білді ме екен?

Тазабектің қаны басына шапшыды. «Шынымен біз адам емеспіз бе әлде орыс адам емес пе? — деді күйініп. — Құдай неге мұндай жауыздарды артық қылып жаратады? Қай қылығы үшін?»

Кеш бата аласа сайдың қылтасында отырған жалғыз үйге тап келді. Көшетін көлігі де, қара жұмысқа беретін баласы да жоқ кемпір-шал екен. Іленің арғы бетіне ұзатқан екі қызы қозғалмаған соң, бұлар да қозғалмапты. Қарт жалғыз атымен арғы-бергі төңіректі түгел аралапты. Қайқының асуына жетпей, Шолан Құлаған деген жерде бір топ тұтқынды орыстар тапа-тал түсте атып тастапты. Бірақ атылғандардың кім екенін білмеді. Нүсіпбектер іздеп жүрген Серікбай соның ішінде шығар-ау деп Тазабек жорамалдағанымен, қарт оған айғақ болар әңгіме айтпады.

Ертесі тау сағалай бөктерлеп, Тасашыдағы Қожақтың ауылына жол тартты. Жолмен жүрмей, әдейі жота асып желке тұсынан шықты. Жалпақ кең сайдың өңірінен не бір үй, не адам, не қарайған мал көрмей, адасып кеткен адамша, аңырайып тұрды да қалды. Сайдың табанына түсуге дәті бармады. Әлдекім әлдебір арада аңдып жатқандай секемденді. Мылтығын ердің қасына көлденеңінен оңшап қойды. Бұл жан-жағын аңдып, мұны жан-жағы аңдып біраз тұрды. «Жау шапты, жау алды деген — осы», — деді түңіле күрсініп. Қожақ пен Сопыйаның, Дәнекердің ауылы осы арада болуы керек еді. Жотамен сақтана еністеп, бір жыраны қалқалап, Кегеннен Нарынқолға өтетін қара жолға жақындады. Жырадан шыға келгенде, жол жиегіндегі ағашқа асып кеткен әлдекімнің денесін көрді. «Асып кетіпті», «шауып кетіпті» дегенді көп естігеннен болар, одан шошынбады. Бұдан ары бармаймын дегендей, аты тоқтай қалды. Тебініп, асулы тұрған жалаңбұт еркекке ту сыртынан тақамақ болып еді, осқырынып, аты оған көнбеді. Алыстау бір ағашқа атын байлап, сонан соң жаяу жақындады. Шашылған жүн-жұрқа, тері-терсек, қараң-құраң бірдемелерден аттап-бұттап өтті де, орағытып, асулы адамның алдыңғы жағына шықты. Бетін көргенде, төбесінен біреу бір қойғандай болды: асулы тұрған Қожақ еді! Аузына еркектік мүшесін тістетіп кетіпті. Біраз күн осылай тұрған болу керек, бұзылған иісін де байқады. Бәкісін алды да, мұрнын басып барып, мойындағы жіпті қиып жіберді. Қақайып қалған дене қақайған күйі құлады. Бетіне қарамай, жолдан аулаққа сүйреп апарды. Сол арадан жарлауыт шұңқыр тапты да, қамшысымен, өкшесімен топырақ құлатып, өліктің бетін жапты. Жыртқыш аң қазып жүрмесін деп, маңайдан дәу-дәу тастарды көтеріп әкеліп үстіне үйді. Қолы-басын қағып, өзі үйген бейітке өзі аңтарыла қарады: «Иттер-ай, орыстың қызын қатын қылғанды көрсетейік деген екен ғой? Сопыйаны қайтті екен? Оны да өлтірді ме екен?»

Тасашыдан ұзағанынша түн болды. Қарайғанның бәрі өзін аңдып тұрған қарақшы сықылды. Өлім себілген далада өлімнен қорықпау мүмкін емес еді. Қорыққаннан жаны қалса, қазақтікі қалар еді. Қорыққанынан емегенде, батырлығынан қырылып жатыр ма? Жастығын ала жатуға жарағаны да шамалы. Тіпті, «Жәменке мен Ұзақтың кегін аламыз!» — демейді, «Жәменке мен Ұзақтан жанымыз қымбат па, өлсек өлерміз!» — дейді. Өлуді ерлік санайды. Анау артын ойып алған баланың, мына аузына мүшесін тістетіп кеткен Қожақтың кегін кім алады? Ешкім. Қашып, босып бара жатқан жұрт кек алуға жарай ма? Осындай сұмдықты көрдім деп Тазабек кімге арызданады? Кім тыңдайды? Үй іші ме? Олар одан бетер үрейленбей ме? Айтуға да қорқады. Қорқудан басқа қолынан ештеңе келмейді. Нағыз қорлық — осы. Орысты қорғайтын патшасы, әскері, заңы бар, ал қазақтың қорғанатын қаруы да жоқ.

Көміршіге түнделетіп кете беруге батылы бармады, бірақ келіншегін қатты сағынғанын сезді. Бұл жоқта екі көзі жәутеңдеп, сенері мен сүйенері жоқ Шәйі қайта-қайта сайдың аузына жалтақтап жүрген тәрізденді. Жүрегі шым-шым сыздады. Анасына, Жүзік пен Сәменге — бәріне жалғыз тірек өзі екенін осы айдалада есіне алды. Олардан алыстаған сайын олардың жақындығын сезіне бастады. Ойлап қараса, мұның амандығы өзінен гөрі соларға керегірек. Ары айт та, бері айт, амандықтың өзі — өмір. Кездейсоқ орыс түн ішінде атып тастаса, оның зардабын өлген бұл емес, тірі солар тартады. Өйтіп өле салғысы келмеді.

**Бексұлтан НҰРЖЕКЕЕВ.**

*(Жалғасы бар).*

**BÄRI DE BALALAR ÜŞIN!**



# ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫСТЫҢ ЖАРҚЫН СӘТТЕРІ

**Шал ақын ауданының Қаратал ауылында орналасқан «Аютас» сауықтыру лагерінде жазғы демалыс маусымы басталды. 1969 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан лагерь – өңірдегі балалардың демалысын ұйымдастыратын маңызды орталықтардың бірі.**

Биыл лагерьде 10 күннен тұратын алты ауысым өткізу жоспарланған. Әр ауысымда 150 бала демалады. Жазғы маусым барысында жалпы саны 750 баланы қамту көзделіп отыр. Әр ауысым белгілі бір бағытқа арналып, балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасайды.

Алғашқы ауысым «Таза Қазақстан» республикалық бастамасы аясында экологиялық бағытта ұйымдастырылды. Бағдарламаның негізгі мақсаты – балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру, табиғатқа жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу және қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне қызығушылықты арттыру.

«Біздің басты мақсатымыз – балалардың жазғы демалысын қызықты әрі пайдалы ұйымдастыру. Әр бала лагерьден жақсы әсер алып қана қоймай, жаңа білім мен дағдыларды меңгеріп қайтуы тиіс», – дейді лагерь директорының міндетін атқарушы Сәуле Төлешева.

Демалыс барысында қатысушылар экология негіздерімен танысып, табиғатты қорғау акцияларына қатысады, қалдықтарды сұрыптауды үйренеді және өздерінің экологиялық жобаларын әзірлейді. Сонымен қатар балалар үшін танымдық кездесулер, шығармашылық байқаулар, интеллектуалдық ойындар мен викториналар ұйымдастырылады.

Лагерь бағдарламасында белсенді демалыс түрлері де қамтылған. Балалар туристік жорықтарға, экскурсияларға, спорттық жарыстарға қатысып, садақ ату, лазертаг ойындары және басқа да спорттық жарыстарда өз күштерін сынайды. Мұндай іс-шаралар балалардың дене дайындығын нығайтып қана қоймай, олардың командалық жұмыс дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Лагерьде балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау мәселесіне ерекше көңіл бөлінеді. Барлық іс-шаралар тәрбиешілердің, тәлімгерлердің және медицина қызметкерлерінің бақылауымен өткізіледі. Демалушылар үшін қауіпсіз әрі жайлы орта қалыптастырылған.

«Экологиялық акциялар балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттырып, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауға үйретеді. Біз әр қатысушының өзін дамытуына және жаңа достар табуына мүмкіндік беретін қолайлы орта қалыптастыруға тырысамыз», – деп атап өтті Сәуле Төлешева.

«Аютас» лагеріндегі жазғы демалыс балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға, жаңа достар табуына, шығармашылық және көшбасшылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Лагерь ұжымы әр ауысымның мазмұнды әрі есте қаларлықтай өтуі үшін барлық жағдайды жасауда.

**Диана ЖӘДІГЕРҚЫЗЫ,**
*«Soltüstık Qazaqstan».*

# ТОПТЫҚ КЕЗЕҢ ТАРТЫСТАРЫ

**Футболдан 2026 жылғы әлем чемпионатының топтық кезеңі мәресіне жақындап қалды. Маусымның 24-інен 25-іне қараған түні А, В және С топтарында үшінші тур матчтары өтіп, плей-оффқа шыққан командалар белгілі болды.**

А тобынан чемпионатты ұйымдастырушы үш елдің бірі – Мексика ұпайдан шашау шығармастан келесі кезеңге өтті. Бұл топта Оңтүстік Африка Республикасы тарихи нәтиже тіркеді, яғни құрама тұңғыш рет плей-оффқа жолдама алып отыр. Соңғы турда Оңтүстік Кореяны 1-0 есебімен жеңген болатын. Азиялық команда да жарыстан әлі шыққан жоқ, топтық ойындар аяқталған кезде әр топтан бірінші және екінші орындағы командалармен бірге нәтижелері жақсы үшінші орын алған 8 ұжым да келесі сатыға өтеді.

В тобында да жарысты ұйымдастырушы елдің командасы жақсы ойнады. Мексикадан айырмашылығы – алдына Швейцарияны өткізіп алды, яғни топтық кезеңді екінші орынмен түйіндеді. Төрт ұпайы бар үшінші сатыдағы Босния және Герцеговина да плей-оффтан үмітті.

С тобында әлемнің бес дүркін чемпионы Бразилияның бірінші орын алатынына ешкім шүбә келтірмегені анық. Пеленің отандастары сенім үдесінен шығып, 7 ұпаймен топ бастады. Дәл осынша ұпай жинаған Морокко екінші орынмен плей-офф жолдамасын иеленді. Шотландияның еншісінде үш ұпай, бірақ үміт үзілген жоқ.

Қалған топтағы ойындар алдағы күндерге жоспарланған.

**A тобы**

| № | Құрама | О | Ұ | Т | Ж | Доп | Д/А | Ұпай |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Мексика | 3 | 3 | 0 | 0 | 6:0 | +6 | 9 |
| 2 | Оңтүстік Африка | 3 | 1 | 1 | 1 | 2:3 | -1 | 4 |
| 3 | Оңтүстік Корея | 3 | 1 | 0 | 2 | 2:3 | -1 | 3 |
| 4 | Чехия | 3 | 0 | 1 | 2 | 2:6 | -4 | 1 |

**B тобы**

| № | Құрама | О | Ұ | Т | Ж | Доп | Д/А | Ұпай |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Швейцария | 3 | 2 | 1 | 0 | 7:3 | +4 | 7 |
| 2 | Канада | 3 | 1 | 1 | 1 | 8:3 | +5 | 4 |
| 3 | Босния және Герцеговина | 3 | 1 | 1 | 1 | 5:6 | -1 | 4 |
| 4 | Катар | 3 | 0 | 1 | 2 | 2:10 | -8 | 1 |

**C тобы**

| № | Құрама | О | Ұ | Т | Ж | Доп | Д/А | Ұпай |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Бразилия | 3 | 2 | 1 | 0 | 7:1 | +6 | 7 |
| 2 | Марокко | 3 | 2 | 1 | 0 | 6:3 | +3 | 7 |
| 3 | Шотландия | 3 | 1 | 0 | 2 | 1:4 | -3 | 3 |
| 4 | Гаити | 3 | 0 | 0 | 3 | 2:8 | -6 | 0 |

**D тобы**

| № | Құрама | О | Ұ | Т | Ж | Доп | Д/А | Ұпай |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | АҚШ | 2 | 2 | 0 | 0 | 6:1 | +5 | 6 |
| 2 | Аустралия | 2 | 1 | 0 | 1 | 2:2 | 0 | 3 |
| 3 | Парагвай | 2 | 1 | 0 | 1 | 2:4 | -2 | 3 |
| 4 | Түркия | 2 | 0 | 0 | 2 | 0:3 | -3 | 0 |

**E тобы**

| № | Құрама | О | Ұ | Т | Ж | Доп | Д/А | Ұпай |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Германия | 2 | 2 | 0 | 0 | 9:2 | +7 | 6 |
| 2 | Кот-д'Ивуар | 2 | 1 | 0 | 1 | 2:2 | 0 | 3 |
| 3 | Эквадор | 2 | 0 | 1 | 1 | 0:1 | -1 | 1 |
| 4 | Кюрасао | 2 | 0 | 1 | 1 | 1:7 | -6 | 1 |

**F тобы**

| № | Құрама | О | Ұ | Т | Ж | Доп | Д/А | Ұпай |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Нидерланд | 2 | 1 | 1 | 0 | 7:3 | +4 | 4 |
| 2 | Жапония | 2 | 1 | 1 | 0 | 6:2 | +4 | 4 |
| 3 | Швеция | 2 | 1 | 0 | 1 | 6:6 | 0 | 3 |
| 4 | Тунис | 2 | 0 | 0 | 2 | 1:9 | -8 | 0 |

**G тобы**

| № | Құрама | О | Ұ | Т | Ж | Доп | Д/А | Ұпай |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Египет | 2 | 1 | 1 | 0 | 4:2 | +2 | 4 |
| 2 | Иран | 2 | 0 | 2 | 0 | 2:2 | 0 | 2 |
| 3 | Бельгия | 2 | 0 | 2 | 0 | 1:1 | 0 | 2 |
| 4 | Жаңа Зеландия | 2 | 0 | 1 | 1 | 3:5 | -2 | 1 |

**H тобы**

| № | Құрама | О | Ұ | Т | Ж | Доп | Д/А | Ұпай |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Испания | 2 | 1 | 1 | 0 | 4:0 | +4 | 4 |
| 2 | Уругвай | 2 | 0 | 2 | 0 | 3:3 | 0 | 2 |
| 3 | Кабо-Верде | 2 | 0 | 2 | 0 | 2:2 | 0 | 2 |
| 4 | Сауд Арабиясы | 2 | 0 | 1 | 1 | 1:5 | -4 | 1 |

**I тобы**

| № | Құрама | О | Ұ | Т | Ж | Доп | Д/А | Ұпай |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Франция | 2 | 2 | 0 | 0 | 6:1 | +5 | 6 |
| 2 | Норвегия | 2 | 2 | 0 | 0 | 7:3 | +4 | 6 |
| 3 | Сенегал | 2 | 0 | 0 | 2 | 3:6 | -3 | 0 |
| 4 | Ирак | 2 | 0 | 0 | 2 | 1:7 | -6 | 0 |

**J тобы**

| № | Құрама | О | Ұ | Т | Ж | Доп | Д/А | Ұпай |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Аргентина | 2 | 2 | 0 | 0 | 5:0 | +5 | 6 |
| 2 | Аустрия | 2 | 1 | 0 | 1 | 3:3 | 0 | 3 |
| 3 | Алжир | 2 | 1 | 0 | 1 | 2:4 | -2 | 3 |
| 4 | Иордания | 2 | 0 | 0 | 2 | 2:5 | -3 | 0 |

**K тобы**

| № | Құрама | О | Ұ | Т | Ж | Доп | Д/А | Ұпай |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Колумбия | 2 | 2 | 0 | 0 | 4:1 | +3 | 6 |
| 2 | Португалия | 2 | 1 | 1 | 0 | 6:1 | +5 | 4 |
| 3 | ДР Конго | 2 | 0 | 1 | 1 | 1:2 | -1 | 1 |
| 4 | Өзбекстан | 2 | 0 | 0 | 2 | 1:8 | -7 | 0 |

**L тобы**

| № | Құрама | О | Ұ | Т | Ж | Доп | Д/А | Ұпай |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Англия | 2 | 1 | 1 | 0 | 4:2 | +2 | 4 |
| 2 | Гана | 2 | 1 | 1 | 0 | 1:0 | +1 | 4 |
| 3 | Хорватия | 2 | 1 | 0 | 1 | 3:4 | -1 | 3 |
| 4 | Панама | 2 | 0 | 0 | 2 | 0:2 | -2 | 0 |

ŞAHMAT



## ЖАРЫСТАҒЫ СЕНСАЦИЯ

Қазақстандық шахматшы Алуа Нұрман Гонконгте өткен ФИДЕ-ның командалық әлем чемпионатында (рапид және блиц) сәтті өнер көрсетіп, күміс медаль жеңіп алды. Сонымен қатар ол әлемдік рейтингте екінші орында тұрған шахматшыны тізе бүктіріп, турнир сенсацияларының бірін тіркеді.

Жарыста Қазақстанның «Barys» командасы жоғары нәтиже көрсетіп, басты фавориттердің бірі саналатын «WR Chess» ұжымын 4:2 есебімен жеңді. Қарсылас сапында әлемнің үздік гроссмейстерлері, оның ішінде Магнус Карлсен мен Фабиано Каруана өнер көрсеткен болатын. Қазақстандық команда кейін қола жүлдегер атанған «Hexamind» ұжымымен тең түссе, соңғы турда үндістандық «MGD1» командасына жол беріп, жалпы есепте тоғызыншы орынға тұрақтады.

Алуа Нұрман үшін бұл турнирдің басты жетістіктерінің бірі – әйелдер арасындағы күміс медаль. Қазақстандық шахматшы жарыс барысында әйелдер арасындағы бұрынғы әлем чемпионын, өткен жылғы әлем кубогының жеңімпазын ұтып, қазіргі әлем чемпионымен тең түсті. Бұдан бөлек, ол әлемдік рейтингте екінші орында тұрған шахматшыға қарсы жеке матчта 1,5:0,5 есебімен басым болды.

BOKS

## ЕКІНШІ ОРЫНДАМЫЗ

Бокстан 15-21 маусым аралығында Қытайдың Гуйян қаласында өткен әлем кубогының екінші кезеңі мәресіне жетті. 44 елден 300 боксшы қатысқан додада Қазақстан құрамасынан 17 спортшы жүлдеге таласты. Нәтижесінде бес алтын, үш қола медаль еншіліп, командалық есепте екінші орынды иеленді.

Санжар Тәшкенбай (50 келі), Абылайхан Жүсіпов (70 келі), Айбек Оралбай (+90 келі), Назым Қызайбай (54 келі), Виктория Графеева (60 келі) жарыс жеңімпазы атанды. Аида Әбікеева (65 келі), Валерия Аксенова (80 келі), Дина Исламбекова (+80 келі) қолаға қол жеткізді.

1 орын Қытай – 5 алтын, 1 күміс, 3 қола;

2 орын Қазақстан – 5 алтын, 3 қола;

3 орын Өзбекстан – 4 алтын, 3 күміс, 4 қола;

4 орын Франция – 2 алтын, 2 күміс, 4 қола;

5 орын Үндістан – 1 алтын, 3 күміс, 2 қола;

6 орын Бразилия –1 алтын, 2 күміс, 1 қола;

7 орын АҚШ – 1 алтын, 1 күміс;

8 орын Әзірбайжан – 1 алтын, 2 қола;

9 орын Англия – 2 күміс, 2 қола;

10 орын Италия – 2 күміс, 1 қола.

FUTBOL

## БАЙСУФИНОВ БАПКЕРЛІКТЕН КЕТТІ

**Қазақстан футбол құрамасында бапкерлік өзгеріс болды. Отандық маман Талғат Байсуфинов ұлттық құраманың бас бапкері қызметінен кетті.**

57 жастағы маман бапкерлік мансабында Қазақстан құрамасын үш рет басқарды. Оның жетекшілігімен ұлттық команда 22 матч өткізді. Бұл кездесулерде қазақстандық футболшылар 5 рет жеңіске жетіп, 7 ойында тең түсіп, 10 матчта қарсыластарына есе жіберді.

2025 жылдың қазанынан 2026 жылдың маусымына дейін Қазақстан құрамасы оның басшылығымен 4 ойын өткізіп, 2 рет жеңіске жетті, 1 матчта тең ойнады және 1 кездесуде жеңілді. Бұл жеңістер көктемде өткен «FIFA Series» турнирінде тіркелді. Бұған дейін Байсуфинов Қазақстан құрамасын 2016-2017 және 2020-2022 жылдар аралығында жаттықтырған.

Осылайша Талғат Байсуфиновтың Қазақстан құрамасындағы үшінші кезеңі ресми түрде аяқталды. Әзірге команданы кім басқаратыны белгісіз.



№47 (23411) Jūma,
26 mausym 2026 jyl

RESMI BÖLIM

SOLTÜSTIK QAZAQSTAN

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Атырауинжстрой-АИС» ЖШС-ның Астана қаласындағы филиалы Солтүстік Қазақстан облысының Ақжар ауданында орналасқан «№1 топырақ карьері» кен орнында сазды жыныстарды өндіруге арналған тау-кен жұмыстарының жоспары бойынша «Қоршаған ортаны қорғау бөлімі», «Эмиссиялар нормативтерінің жобасы», «Қалдықтарды басқару бағдарламасы», «Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы» және «Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары» экологиялық бөлімдерімен ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Аумағына әсер етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі: Солтүстік Қазақстан облысы, Ақжар ауданы, Ленинград а. о., Дәуіт а.

Әсер ету аумағының географиялық координаттары: Дәуіт а. 53°608777 с.е., 71°473899 ш.б.

Учаске орталығының географиялық координаттары: 53°38'15.83"с.е., 71°33'35.43"ш.б.

Тыңдаулар келесі мекен-жай бойынша өтеді:

10.08.2026 ж. сағат 10:00-де Ақжар ауданы, Дәуіт ауылы, мектеп ғимаратында.

Ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін.

Сондай-ақ тыңдаулар ZOOM Meeting Cloud бейнеконференция форматында өткізіледі. Конференцияны сәйкестендіру: 4139456516, құпия сөз: 777, сілтеме https://us05web.zoom.us/j/4139456516?pw d=eEFKc0N1WmQ1d0 Jybmg1WGdqU0Q4UT09

Бастамашы – «Атырауинжстрой-АИС» ЖШС-ның Астана қаласындағы филиалы, БСН: 231241019131, Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 51а ғимараты, e-mail: info@ais-astana.kz

Жобаны әзірлеуші «АЛАИТ» ЖШС, БСН: 100540015046, Көкшетау қ., Васильков ш.а., 4 Г 2 қабат, тел.: 8 (776) 1124854, e-mail: alait@mail.ru

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттармен, содан кейін жарияланған қоғамдық тыңдаулар хаттамасымен «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» https://hearings.ndbecology.gov.kz/ порталында, сондай-ақ ЖАО «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» КММ https://www.gov.kz/memleket/entities/sko-tabigat/press/article/1?lang=ru сайтында танысуға болады.

alait@mail.ru және тел: 8 (776) 112 4854 бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізу кезінде жоспарланған қызмет туралы қосымша ақпарат алуға, сондай-ақ құжаттардың көшірмелерін сұратуға болады.

Ескертулер мен ұсыныстар жазбаша немесе электрондық түрде мына мекенжай бойынша қабылданады: «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» КММ, Петропавл қ., Парк к-сі, 57В, тел.: 8(7152) 53-36-38, электрондық мекенжайы: a.sapozhnikova@sko.gov.kz, сондай-ақ «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» https://hearings.ndbecology.gov.kz/ порталы.

***

«Ишимское управление речного флота» ЖШС Солтүстік Қазақстан облысы, Қызылжар ауданындағы «Русловое» кен орнының құмын өндіру жөніндегі тау-кен жұмыстарының жоспарына «Ықтимал әсерлер туралы есеп» жобасы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Аумағына әсер етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі: Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қ.; Қызылжар ауданы Архангельское және Прибрежное ауылдары.

Учаскенің орта географиялық координаттары: 54°47'42.54"С.Е., 68°59'59.51"Ш.Б..

Әсер ету аймағының географиялық координаттары: 54°51'43.58"С.Ш., 69°06'40.32"В.Д. (Петропавл қ.), 54°46'58.72"С.Ш., 68°56'49.66"В.Д. (Архангельское а.), 54°49'15.76"С.Ш., 69°05'11.09"В.Д. (Прибрежное а.).

Қоғамдық тыңдаулар 05.08.2026 ж. мына мекенжайларда өтеді:

1) Солтүстік Қазақстан облысы, Қызылжар ауданы, Архангельск а.о., Архангельское ауылы, Орталық көшесі 37А (ауыл әкімдігінің ғимараты), сағат 12:00-де;

2) Солтүстік Қазақстан облысы, Қызылжар ауданы, Прибрежный а.о., Прибрежное ауылы, Саясат көшесі, 28 (ауыл әкімдігі ғимараты), сағат 15:00-де;

3) Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қ.а, Петропавл қ., 2 Перминовтар даңғылы, 11-учаске, «Ишимское управление речного флота» ЖШС ғимараты, сағат 17:00-де.

Ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін. Тыңдау аралас форматта өтеді, қатысу үшін мекенжайға келу немесе ZOOM Meeting Cloud қосымшасын жүктеп алу қажет. Конференция идентификаторы: 4139456516. Құпия сөз: 777.

Бастамашысы – «Ишимское управление речного флота» ЖШС, БСН: 210740000434, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, 2 Перминовтар даңғылы, 11-учаске, тел.: 8 (7152) 400-500.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші «АЛАИТ» ЖШС, БСН: 100540015046, Көкшетау қ., Васильков ш/а 4Г, тел.: 8(7162)514141, e-mail: alait2030@gmail.com.

Порталға сілтеме: https://ndbecology.gov.kz және https://www.gov.kz/memleket/entities/sko-tabigat/press/article/1?lang=ru.

alait2030@gmail.com e-mail бойынша және 8(7162)514141 телефоны арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізу кезінде жоспарланған қызмет туралы қосымша ақпарат алуға, сондай-ақ жоспарланған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін сұратуға болады.

Жұртшылықтың қоғамдық тыңдауларды өткізу туралы ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз етуге жауапты ЖАО – «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» КММ, Петропавл қ., Парк к., 57в, тел.: 8 (7152) 53-36-40, электрондық мекенжайы: dpr@sko.gov.kz.

***

«Ишимское управление речного флота» ЖШС «Солтүстік Қазақстан облысы, Қызылжар ауданындағы «Русловое» кен орнының құмын өндіру жөніндегі операциялардың салдарын жою жоспарын» қарау бойынша жұмыс тобы өткізілетінін хабарлайды.

Жұмыс тобы 05.08.2026 ж. сағат 12:30-де Солтүстік Қазақстан облысы, Қызылжар ауданы, Архангельск а.о., Архангельское ауылы, Орталық көшесі 37А, (ауыл әкімдігінің ғимараты) мекенжайы бойынша өтеді.

Бастамашы – «Ишимское управление речного флота» ЖШС, тел.: 8 (7152)400500.

Жобаны әзірлеуші – «АЛАИТ» ЖШС, тел.: 8(7162)514141.

Жоба материалдарымен танысу үшін электрондық пошта арқылы сұратуға болады, мекенжайы alait2030@gmail.com.

Мүдделі жұртшылықтың жоба бойынша құжаттамаға ескертпелері және (немесе) ұсыныстары (олар болған жағдайда) жұмыс тобы өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей alait2030@gmail.com электронды поштаны бойынша қабылданады. Анықтама телефоны: 8(7162) 51-41-41.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

